

"Құрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 24 тамыз N 726. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.13. N 736 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін жаңа нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстанқұрылыс" мемлекеттік-акционерлік құрылыс концерні кәсіпорындарының, ұйымдары мен акционерлік қоғамдарының және саланың басқа кәсіпорындарының негізінде, мекен-жайы Алматы қаласында болатын "Құрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясы (мұнан былай - Компания) құрылсын.

2. Компанияға ірі құрылыс бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысу, күрделі құрылысты инвестициялауға арналған қаржы ресурстарын шоғырландыру, құрылыс кешенін басқарудың тиімділігін арттыру, өнеркәсіптік және басқа объектілерді контрактімен салуды өрістету және дамыту, тұрғын үй нарығын қалыптастыру, республиканың құрылыс өнімдері мен көрсетілетін қызметке деген мұқтажын неғұрлым толығырақ қанағаттандыру, тұрақты пайда алуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу жүктелсін.

3. Компания "Қазақстанқұрылыс" мемлекеттік-акционерлік құрылыс концернінің мүліктік хұқықтары мен міндеттерінің хұқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде кәсіпорындар, ұйымдар, акционерлік қоғамдар құрамында Компания құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін қосымшаға сәйкес әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті Компаниямен бірлесіп Компания құрамына енген кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік меншігіне Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II-кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына

сәйкес қайта өзгерту жүргізсін.

6. Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік-акционерлік "Қазақстанқұрылыс" құрылыс концернін құру туралы" 1990 жылғы 28 желтоқсандағы N 540 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 5, 34-бап) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 24 тамыздағы
N 726 қаулысына

Қосымша

"Құрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясы
құрамына енетін кәсіпорындар, ұйымдар мен
акционерлік қоғамдар

Тізбесі

"Шилісайауыриндустриякәсіпорындарықұрылыс" тресі, Ақтөбе облысы,
Октябрьск қаласы

"Қайрақтыауыриндустриякәсіпорындарықұрылыс" жалгерлік кәсіпорны,
Жезқазған облысы, Жоғары Қайрақты поселкесі

"Қостанай құрылыс кешені" акционерлік-құрылыс концерні, Қостанай
қаласы

"Құрылыскомплект" мемлекеттік-кооперативтік кәсіпорынын қоса алғанда "

Қазақ асбест өнеркәсібі құрылысы" жалгерлік жобалауқұрылыс бірлестігі,
Жітіқара қаласы, Қостанай облысы "Соколов руда базасы құрылысы"
жалгерлік-акционерлік құрылыс тресі, Қостанай облысы, Рудный қаласы "

Лисаков руда базасы құрылысы" жалгерлік тресі, Қостанай облысы, Лисаков
қаласы Керамзитті қиыршық тас зауытымен бірге "Құйма құрылыс" жалгерлік
тресі, Петропавл қаласы "Павлодар өнеркәсіп құрылыс" акционерлік қоғамы,
Павлодар қаласы "Торғай алюминий құрылыс" акционерлік қоғамы, Арқалық
қаласы "Мырғалымсай қорғасын өнеркәсібі құрылысы" тресі, Оңтүстік Қазақстан
облысы, Кентау қаласы "Лениногор қорғасын өнеркәсібі құрылысы" акционерлік
құрылыс Қоғамы, Шығыс Қазақстан облысы, Лениногор қаласы "Зырянов
құрылыс" жалгерлік тресі, Шығыс Қазақстан облысы, Зырянов қаласы "Қазақ
мыс кәсіпорындары құрылысы" жалгерлік-акционерлік тресі, Жезқазған қаласы "

Балқашқұрылыс" акционерлік қоғамы, Жезқазған облысы, Балқаш қаласы "

Қызылордақұрылыс" акционерлік қоғамы, Қызылорда қаласы "

Петропавлқұрылыс" аумақтық жобалау-өнеркәсіптік құрылыс бірлестігі, Петропавл қаласы. "Талдықорған өнеркәсіп құрылыс" акционерлік қоғамы, Талдықорған облысы "Жәйрем ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы" акционерлік қоғамы, Жезқазған облысы, Жәйрем қаласы Шымкент ірі панельді үй құрылысы акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы "Семей өнеркәсіп құрылыс" жалгерлік кәсіпорыны, Семей қаласы "Қазақ кен қабаттарын механикаландырылған тәсілмен өндіру" жалгерлік оңтайлы мамандандырылған тресі, Ақтөбе қаласы "Алтай қорғасын кәсіпорындары құрылысы" құрылыс фирмасы, Өскемен қаласы

"Теңіз мұнай өнеркәсібі құрылысы" акционерлік қоғамы, Атырау облысы, Теңіз поселкесі

"Атырауқұрылыс" жобалау-өндірістік-құрылыс бірлестігі, Атырау қаласы

"Құлсары мұнай өнеркәсібі құрылысы" тресі, Атырау облысы, Құлсары поселкесі

"Жамбыл химия өнеркәсібі құрылысы" акционерлік қоғамы, Жамбыл қаласы

"Қаратау химия өнеркәсібі құрылысы" тресі, Жамбыл облысы, Жаңатас қаласы

"Қаратау фосфор өнеркәсібі құрылысы" тресі, Жамбыл облысы, Қаратау қаласы

"Қостанай ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы" жалгерлік тресі, Қостанай қаласы

"Целиноград ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы" тресі, Ақмола қаласы

"Қазақ ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы" жалгерлік құрылыс-өнеркәсіп бірлестігі, Алматы қаласы

"Сочиқұймақұрылыс" трест алаңы, Сочи қаласы

"Темір-бетон" акционерлік қоғамы, Жамбыл қаласы

"Павлодар ағаш өнеркәсібі" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы " Құрылысконструкция" акционерлік фирмасы, Ақмола қаласы "Темір-бетонды конструкциялар, құрылыс бөлшектерін өндіру" өнеркәсіптік-өндірістік бірлестігі, Қостанай облысы, Рудный қаласы "Темір-бетон" жалгерлік кәсіпорыны, Петропавл қаласы "Оңтүстік Қазақстан құрылыс конструкциялары" өнеркәсіптік-өндірістік бірлестігі, Шымкент қаласы "Ақтөбе азаматтық құрылыс"

жобалау-құрылыс бірлестігі, Ақтөбе қаласы "Арнаулы іргетасы құрылыс одағы" ғылыми-өндірістік бірлестігі, Қарағанды қаласы "Павлодар машина жасау зауыты" жалгерлік кәсіпорыны, Павлодар қаласы Жамбыл тәжірибелік-эксперименттік механика зауыты, Жамбыл қаласы Қарағанды тәжірибелік-эксперименттік металды формалар және жақтаулық жабдықтар зауыты, Қарағанды қаласы Алматы жалгерлік эксперименттік машина жасау зауыты, Алматы қаласы "Жамбыл біріккен темір жол шаруашылығы" акционерлік қоғамы, Жамбыл қаласы "Павлодар біріккен темір жол шаруашылығы" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы "Жамбылқұрылыс" жалгерлік акционерлік кәсіпорыны, Жамбыл қаласы "Ақмола біріккен темір жол шаруашылығы" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы "Павлодар жеңіл конструкциялар зауыты" жалгерлік кәсіпорыны, Павлодар қаласы Шымкент автокөлік өндірістік бірлестігі, Шымкент қаласы Қостанай автокөлік өндірістік бірлестігі, Қостанай қаласы Алматы автокөлік кәсіпорыны, Алматы қаласы "Құрылыста технологиялық процестерді жобалау" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы "Құрылысты басқарудың ақпараттық-есептеу жүйесін әзірлеу, жасау және енгізу" акционерлік компаниясы, Алматы қаласы "Қарағанды өнеркәсіптік құрылысты жобалау" жалгерлік жобалау-өндірістік кәсіпорыны, Қарағанды қаласы

"Құрылысты коммерциялық жабдықтау" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Қазақ металлургия объектілері құрылысы" жалгерлік акционерлік кәсіпорыны, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы

"Металлист" жалгерлік тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорыны, Қостанай облысы, Лисаков қаласы

"Степногор мамандандырылған құрылыс басқармасы" акционерлік қоғамы, Ақмола облысы, Степногор қаласы